

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/GKZL3593>***М. К. Ахметова¹, П. Ф. Абенова²**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0542-1755>²ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5028-0137>*e-mail: akhmetova_mk@enu.kz

КОД АУЫСТЫРУДЫҢ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЛИНГВИСТИКАДА ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада заманауи әлеуметтік лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны болып саналатын код ауыстыру мәселесі қарастырылды. Отандық және шетелдік әлеуметтік лингвистика ғалымдардың осы тақырыпқа қатысты көзқарастары, терминге берген анықтамалары салыстырмалы түрде талданды.

Қазіргі тіл білімінде әртүрлі критерийлерге негізделген қос тілді сөйлеушілердің топтары мен тілдерді кезектесіп қолдану барысында сөйлеушінің миында орын алатын тілдік стратегиялар сипатталып, оларды түсіндіретін ғылыми көзқарастар сараланды. Код ауыстыруға әсер ететін факторлар лингвистикалық және экстралингвистикалық болып екіге бөлініп, олардың әрқайсысына сипаттама жасалды. Сонымен қатар код ауыстыру теориясында қарастырылатын код, субкод, интерференция және билингвизм секілді ұғым-түсініктердің дефинициясы беріліп, тіл теориясындағы түрлі тұжырымдар ұсынылды. Код ауыстыру лингвистикалық жағынан жеткілікті деңгейде қарастырылғанымен, психолингвистикалық тұрғыда ізденістерді қажет ететіні анықталды. Бұл құбылысты тереңдеп тануға бағытталған психолингвистика аспектілері сөйлеушінің психологиялық-биологиялық жағдайы, көңіл күйі, тілдік ортасы секілді факторлармен байланысты қарастырылды. Код ауыстыруға қатысты ғылыми зерттеулерді саралай келе, қазақ лингвистикасында тілаларлық қатынастарды ішкі және сыртқы лингвистика тоғысында зерттеудің маңызды әрі өзекті екені анықталды. Бұл өз кезегінде әлеуметтік лингвистикадағы код ауыстырудың теориялық және практикалық тұрғыларын дамытуға үлес қоспақ.

Кілтті сөздер: код ауыстыру, әлеуметтік лингвистика, қостілділік, билингвизм, билингв, интерференция.

Кіріспе

Тіл – адамзаттың ойын жеткізудің, қарым-қатынас орнатудың ең басты құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті мен дүниетанымын танытатын ерекше құбылыс. Қазіргі кезде адамдардың басым бөлігі көптілді қоғамда өмір сүретіндіктен, тілдер арасындағы байланыс пен оларды қолдану ерекшеліктерінің маңызы да арта түсуде. Оған қоса көп тілді бір уақытта пайдалану қажеттігінен олар адам миының белсенді қабатында болып, бір әңгіме барысында бірнеше тілдің араласып қолдануы да – ойлаумен, санамен байланысты құбылыс. Көптілділік – елдің алға бастауы мен оның болашақта да дамуының кепілі. Бұл тақырып шетелдік лингвистикада көптен қарастырылып келе жатқанымен, қазақ тіл білімінде әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті тақырып. Әлеуметтік лингвистиканың бастауында код ауыстыру, код алмастыру мен интерференция мәселелерін зерттеуші К. Майерс-Скоттон, Ш. Поплак, А. Проценко, П. Ауэр сияқты т.б. ғалымдар тұр. Ал отандық тіл білімінде А. Абасилов, Г. Омарбекова, Ж. Ибраева т.б. атауға болады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің материалдарын таңдау критерийлері бойынша қостілділік және код ауыстыру саласында жарық көрген отандық және шетелдік тіл біліміндегі ғылыми және оқу-әдістемелік зерттеулер іріктеліп алынды. Материалдарды іріктеуде қос тілдің қатар қолданылуы мен олардың арасындағы код араластыру және код ауыстыру құбылыстары кеңінен талданған еңбектер басымдыққа ие болды. Ақпарат көздері ретінде қостілділік, код ауыстыру, тілдік саясат тақырыптарына арналған қазақ, орыс, және ағылшын тілдеріндегі ғылыми мақалалар, сондай-ақ қостілділік және код ауыстыру терминологиясы қамтылған сөздіктер мен онлайн еңбектер қолданылды.

Терминдер мен қостілділіктің тілдік ерекшеліктеріне синтез, салыстырмалы талдау жасалып, тақырыптың теориялық бөліміне қатысты жинақталған мәліметтер жүйеленіп, біріздендірілді.

Нәтижелер және талқылау

Тіл білімінің әлеуметтік лингвистика саласы қоғам мен тілдің қарым-қатынасын түрлі қоғамдық факторлардың тілді пайдалануға қалай әсер ететінін зерттеумен айналысады. Осыған байланысты лингвист-ғалымдар тілдік вариация, диалектілер, қостілділік және тілдік саясат тақырыптарына назар аударып келеді. Әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі ретінде қоғамдағы түрлі топтардың коммуникацияға түсу мақсатында

сөйлейтін тілді таңдауы мен соның контекске байланысты қалай жүзеге асыратыны танылады.

Осындай феномендердің бірі – *код ауыстыру*: екі не одан да көп тілдердің бір әңгіме немесе тіпті бір сөйлем арасында қолданылуы болып табылады. Бұл процесс жаһандануға байланысты адамдардың уақыт өткен сайын бірнеше тілді қолдануы аясында ғана емес, тіпті тарихи себептерден қостілділік немесе көптілділік орнаған мемлекеттерде де өзекті. Лингвистер үшін код ауыстыру ол коммуникацияға әсер ететін түрлі күрделі қоғамдық және мәдени үрдістерді көрсететіндіктен, ұзақ уақыт бойына зерттеу нысаны ретінде аланып келеді.

Қазіргі тіл білімінде қостілділердің әртүрлі классификациясы жасалған:

Тілді білу деңгейіне байланысты: екі тілді де шамамен бірдей деңгейде меңгергендер немесе бір тілді екіншісімен салыстырғанда артық білетіндер (balanced and dominant bilinguals) [1];

Екінші тілдің меңгерілген уақыты бойынша: тілді ерте меңгерген және кеш меңгерген билингвтер (early and late bilinguals) [2];

Прагматикалық критерийлер бойынша: екі тілді меңгеруге мәжбүр болған қостілділер немесе өз қалауларымен билингв болғандар (circumstantial and elective bilinguals) [3];

Әлеуметтік критерий бойынша: тілдерді меңгеру себебі күнделікті қарым-қатынас барысында немесе қажеттіліктен туындайтын билингвтер немесе тілдерді білуі элиталық қарым-қатынас жағдайларынан туындайтын қостілділер (мысалы, білімінің бір бөлігін шет тілде алған элиталық мәдениет өкілдері) (folk and elite bilinguals) [4];

Мәдени критерий бойынша: қос мәдениетті ұстанатын билингвтер немесе бір мәдениетті ұстанатын билингвтер (bicultural and monocultural bilinguals) [5].

Тіл білімінде код ауыстыру мәселесі бұған дейін де зерттеушілердің назарын аударып келген. Дүние жүзіндегі көптеген лингвистер өз еңбектерін код ауыстырудың әртүрлі аспектілерін, түрлері мен себептерін, оның қоғамға және тілге деген әсерін талдауға арнаған. Алайда осы саладағы ауқымды зерттеулерге қарамастан, қазақ лингвистикасында код ауыстыру жеткілікті түрде зерттеле қоймаған тақырып болып отыр. Бүгінгі таңда әлеуметтік лингвистиканың дамуымен тілдік код ауыстыруды зерттеудің өзектілігі талас тудырмайды.

Код ауыстыру үрдісі мәдени және әлеуметтік өзгерістерді танытып қана қоймай, жалпы қоғамның динамикасын түсіну үшін де үлкен маңызға ие. Код ауыстырудың уәждемесі көп қырлы. Ол контекст, психологиялық жағдай, аудитория, әлеуметтік динамика сияқты аспектілерді қамтуы мүмкін.

Әлемдегі тілші ғалымдардың арасында код ауыстыру түсінігіне қатысты нақты бір анықтаманың қолданылмайтыны ғылыми еңбектерді саралау

барысында анықталды. Код ауыстыру екі тілді қарым-қатынаста екінші тіл бірліктерін пайдалану жиі кездесетін ерекшелік ретінде қарастырылады. Сонымен бірге код ауыстыру бір сөйлесім кезінде екі тілге белсенді түрде ауысу үрдісі ретінде анықталады. Лингвистикада бұл құбылыс сөйлесушінің екі не одан көп тілдерді бір контексте пайдалануынан туындайды. Бірақ тілдік байланыс жағдайында кең таралған лингвистикалық акт болғанына қарамастан, кейбір ғалымдар (J. Fishman) код ауыстыруды «бейберекет (хаотикалық) қолданыс» ретінде қарастырады. Олар код ауыстыруды адамның тілдік қорының жеткіліксіздігі немесе екі тілде еркін сөйлей алмауының белгісі деп санайды. Ал кей ғалымдар, керісінше, бұл құбылысты адамның екі тілді де жоғары деңгейде меңгергенінің көрсеткіші деп есептейді (У. Вайнрайх). Кейбір зерттеушілер бұл құбылысты тіпті бір немесе екі тілдегі білімнің жеткіліксіздігімен байланыстырады.

Тілдегі код ауыстыру, жалпы сөйлеу үрдісі – сөйлеушінің ми жүйесіндегі күрделі және үздіксіз құбылыс, сондықтан сөйлеу барысындағы тілдік өзгерістерге әсер ететін психологиялық әрекеттер әртүрлі экстралингвистикалық факторларды қамтиды. П. Ауэр (P. Auer) код ауыстыру терминіне былай анықтама берген: «Код ауыстыру дегеніміз – бір әңгімелесу эпизодында екі немесе одан да көп кодтарды кезек-кезек қолдану» [6, 1-б.].

Билингвизмді зерттеуші У. Вайнрайх (U. Weinreich): «ең керемет билингв – бұл керек жағдайларда бір тілден екінші тілге ауыса алатын, бірақ сөйлеу жағдайы өзгеріссіз қалғанда екінші тілге ауыспайтын, егер ауыса қалса, бір сөйлемнен артық қолданбайтын сөйлеуші», – деп тұжырымдайды [7, 73-б.]. Дегенмен код ауыстыруды екі тілді еркін меңгерудің белгісі ретінде тануға да болады. Бұндағы «еркін меңгеру» ұғымының екі мағынасы бар: бұл екі не одан да көп тілде еркін сөйлеу қабілетін және екі немесе одан да көп тілдерді толық түсіну қабілетін білдіреді. «Кодты ауыстыру – бұл белгілі бір тілді жете меңгермегендіктен туындайтын кемшілік емес, көп тілді меңгерудің жоғары деңгейінен туындайтын дағды» [8]. К. Майерс-Скоттонның (C. Myers-Scotton) пікірінше, код ауыстыру «әңгіме барысында екі немесе одан да көп тілді, әдетте бір әңгіме барысында, тіпті сол әңгімелесу барысында бір сөйлем ішінде қолдануды білдіреді» [9, 47-б.]. Қарапайым тілмен айтқанда, код ауыстыру – сөйлеушінің А тілінен В тіліне ауысуы. Код ауыстыру мен тақырыптың байланысына келер болсақ, Ш. Поплак бұл құбылыстың талқыланып жатқан тақырыпқа еш әсер етпейтінін атап өтеді: «Код ауыстыру дегеніміз – сөйлеу әрекеті барысындағы екі немесе одан да көп тілді қолдану және сөйлеушінің тілді өзгертуі тыңдаушы мен әңгіме тақырыбының өзгеруіне байланысты емес» [10, 2062-б.].

А. П. Проценко қазіргі зерттеулерге сүйене отырып, код ауыстырудың үш негізгі факторын көрсетеді. Соған сәйкес зерттеудің үш бағытын анықтайды:

- 1) сыртқы, экстралингвистикалық немесе әлеуметтік лингвистикалық;
- 2) ішкі, психолінгвистикалық;
- 3) лингвистикалық [11, 123-б.].

Лингвистикалық еңбектерде саяси, демографиялық, этникалық және аумақтық факторлардың код ауыстыруға әсері қарастырылады. Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, коммуникативтік актіге қатысушылардың мінез-құлқы мен өзін-өзі ұстауы сөйлеу барысында қай тілдің қолданылатынына тікелей әсер етеді. Ғалым К. Бэкердің (К. Becker) пікірінше, код ауыстырудың орын алуына төмендегі факторлар әсер етеді.

Оған:

- 1) сөйлеу актісіне қатысушылар,
- 2) әңгіменің өрбуі барысындағы жалпы және психологиялық жағдай,
- 3) коммуникацияның жалпы талаптары мен әңгімеге қатысты басқа да үрдістер жатады [12, 21-б.]. Коммуникация талаптарына келер болсақ, бұл құбылыс көбіне ауызекі сөйлеу стиліне тән, әсіресе көшеде, үйде, жақын адамдармен сөйлесу барысында белсенді қолданылады.

Код ауыстырудың әлеуметтік факторларына тұлғаның жан-жақты екендігін көрсетуге ұмтылысы және аккомодация функциясы жатады. Аккомодация функциясы – лингвистикада сөйлеушінің өз акцентін, диалектін, дауыс тембрі мен басқа да тілдік аспектілерді тыңдаушының стиліне сәйкестендіру, ұқсату үшін мақсатты түрде өзгертуі. Яғни код ауыстырудың осы түрінде сөйлеуші тыңдаушының тілдік дағдыларына бағынып, оларды қайталауға тырысады, өзіне қолайлы «тілдік аймағынан» шығып, тыңдаушыға ойларын түсіндіру үшін мақсатты түрде код ауыстырады. Мұнымен байланысты сөйлеушінің миында үш тілдік стратегия орын алады:

- 1 Өз тілін тыңдаушылар сол тілде сөйлейтін кезде қолдану.
- 2 Доминант/Басым тілді қолдануға тырысу.
- 3 Өзі бөліскісі келген ақпаратты тыңдаушыға түсінікті тілде жеткізуге тырысу.

Код ауыстырудың психолінгвистикалық себептеріне келсек, бұл ең аз зерттелген аспект болып саналады. К. Бэкердің (К. Becker) айтуынша, бүгінгі күнде код ауыстырудың психолінгвистикалық мотивациясын анықтап және дәл көрсете алатын арнайы дайын әдіснама жоқ [12, 30-б.]. Осы себепті зерттеушілер екі тілді адамның екі түрлі тілдік жүйеден лингвистикалық ақпаратты қалай алатынын, жинақтайтынын, түрлендіретінін сипаттайтын кейбір қайталанатын үлгілер мен мысалдарды анықтауға тырысып жатыр. Код ауыстырудың бейсаналы факторларын тікелей бақылау немесе нақты талдау жасау мүмкін болмағандықтан, бұл құбылысты зерттеу қиындық

туғызуда. Кейде сөйлесуші ойына бірінші келген немесе «тілінің ұшында тұрған» сөздерді екінші тілде айтып қалады. Яғни айтқысы келген сөз немесе сөз тіркесі қоғамда кеңінен қолданыста болса немесе А тілдегі аудармасына қарағанда, В тілдегі нұсқасы экспрессияны дәл бере алатын жағдайда (тіпті сөйлесуші сол тіркестің А тіліндегі аудармасын жақсы білсе де) қостілді адам А тілден В тілге бейсаналы түрде ауыса береді. Екінші тілге ауысу кейде тілдік ерекшеліктерге байланысты жүзеге асады, яғни қолданылатын тілдік бірлікті өз тіліне дәл аудару мүмкін болмаса, қостілді адамның айтқысы келген сөздің В тіліндегі аудармасын пайдалануы ықтимал. Бұл – екінші тілге аударғанда өз мағынасын жоғалтатын сөздер. Осы ерекшелік көбінесе бір-біріне жақын емес тілдік мәдениеттерде орын алады (мысалы: лакуналар).

Ал мақсатты код ауыстыруға келсек, бұл жағдайда код ауыстыру процесі әдейі, саналы түрде бір тілден екінші тілге белгілі бір коммуникативтік мақсатта орын алады. Мысалы: бір ақпаратқа ерекше маңыз бере отырып айту, ерекше көңіл бөлу немесе оны дәлме-дәл, эмоционалды түрде, ұлттық-мәдени бояуын сақтай отырып жеткізу секілді коммуникативтік мақсаттар.

Код ауыстыру барысы сөйлеушіден екі тілді де білуді талап етеді, себебі бұл процесте кідіріске жол беру, сөздерін қайталап айту, өз сөздерін өзі дұрыстау және кібіртктеу сияқты әрекеттерге жол берілмейді. Олай болмаған жағдайда, сөйлеуші екі тілді жоғары деңгейде меңгерген билингв емес, екінші тілді төмен деңгейде меңгерген немесе мүлде меңгермеген, тек кейбір сөздерді ғана жаттаған монолингв болар еді.

Лингвистикада код ауыстырудың типтері әрі толықтай анықталмаған. Айтылып жүрген типтер әдетте синтаксистік құрылымдарға, саналылық пен бейсаналылыққа және код ауыстыру барысындағы сөйлеушінің ниетіне байланысты ажыратылады. Ғылымда екі құрылымдық тип белгілі:

- 1) сөйлем ішіндегі код ауыстыру;
- 2) сөйлемдер арасындағы код ауыстыру.

Бірінші тип бойынша код ауыстыру сөйлем ішінде бір тілден екінші тілге жылдам ауысуды көрсетеді, көбінесе сөйлесуші екі тілді жақсы меңгергенде кездеседі. Ал сөйлемдер арасындағы код ауыстыру сөйлемнің синтаксистік құрылымын сақтайды және екі тілді меңгерудің төменгі деңгейін білдіреді, өйткені сөйлесуші синтаксистік қиындықтарға тап болмас үшін әр ойды басқа тілде толық сөйлеммен жеткізуге мәжбүр болады.

Е. М. Эпплер (Е. М. Eppler) бұдан бөлек екі тип туралы жазады: *жұмсақ* (smooth) және *сигналдық* (flagged) [13, 83-6.]. Бірінші тип бойынша сөйлеуші екі тілді қатар, оңай, жеңіл қолданады, яғни бұл әрекет барысында сөйлеушінің арнайы мақсаттары болмайды. Бұны билингвизм процесінің нәтижесі ретінде санауға болады. К. Майерс-Скоттон (С. Myers-Scotton) бойынша бұл *таңбаланбаған типке* («немаркированный») жатады [9].

Сәйкесінше, сигналды код ауыстыру сөйлеушінің белгілі бір элементті ерекше атап көрсету ниетіне сәйкес орын алады және риторикалық мақсатта қолданылады (яғни, функционалды сипатта). Осы «мақсатты» ауыстыруда сөйлеуші тыңдаушының назарын белгілі бір ақпаратқа аударту, оны басқа ақпараттың арасынан бөліп көрсету мақсатында В тілін қолданады (К. Майерс-Скоттон (С. Myers-Scotton) бойынша *таңбаланған* («маркированный») [9]. Аталған тип екі немесе одан да көп тілдерді пайдаланған кезде сол тілдердің арасындағы шекараны айқындап, нақты етіп көрсетеді. Бұл жағдайда сөйлеуші басқа тілге ауысқанда, сол өзгерісті арнайы көрсету арқылы тыңдаушыға білдіреді. Ол әрекеттер төмендегідей болады:

1) Әдетте сөйлеуші келесі кодқа ауысып жатқанын айқын көрсету үшін арнайы сигналдар, интонация немесе кідірісті қолданады. Бұл арқылы ол тыңдаушыға басқа тілге өткенін хабарлайды.

2) Бет әлпетін өзгерту және түрлі қимыл-қозғалыстар арқылы екі тілді ажыратады.

3) Кейде сөйлеуші код ауыстыру арқылы тыңдаушыға белгілі бір хабар беруді, әсер қалдыруды көздейді. Мысалы, достарының ортасында ана тілін қолдана отырып, ресми тілге өткенде бірден басқа тілге ауысуы мүмкін.

4) Ресми кездесулерде, іскерлік ортада немесе формалды жағдайларда орын алады, өйткені сөйлеуші тілдердің арасында нақты шекара орнатуды көздейді.

Қазақ тіл білімінде код ауыстыру тақырыбы соңғы уақыттарда арнайы қарастырылып, зерттеу нысанына алынуда. Бұл терминге А. Абасилов «Әлеуметтік лингвистика сөздігінде» мынадай анықтама берген: «Код ауыстыру – (орыс. переключение кодов/кодовое переключение) – қатынас жасаушылардың (сөйлеушілердің) қарым-қатынас акт кезінде бір тілден (тіл вариантынан) екінші тілге (тіл вариантына) бір рет немесе бірнеше дүркін ауысуы. К. а. жағдаятқа, тақырыпқа, қарым-қатынас иелеріне, әлеуметтік (кәсіби) рөлдеріне (бағынышты – бастық, дәрігер – емделуші, оқытушы – студент, сатушы – сатып алушы т.б.) және т.б. факторларға байланысты болады. К. а. барысында тілдердің араласуы – бір тілде қолдануда екінші тілдің элементтерін (сөз, фраза, одан да ірі бірліктер) пайдалану байқалады» [14, 70-б.].

Қазақ зерттеушілерінің арасынан Қ. Ибраева мен Г. Нәбиеваның «Қостілді іскерлік қарым-қатынастың лингвистикалық талдауы (телефон арқылы әңгімелесулер мысалында)» мақаласын да атап өтуге болады. Авторлар код ауыстырудың теориялық және қолданбалы жақтарын талдай отырып, риелторлық іскерлік қатынастағы код ауыстыруды талдайды. Олар код ауыстыру кезіндегі сөз таптарының қолданылу жиілігін анықтап, кесте түрінде береді. Код ауыстыруды мынадай түрлерге жіктейді:

«Қосылу (присоединение) – басқа тілдегі сөздің фраза соңында қосылуы.

Сыртқы код ауыстыру – екі не одан да көп тілде толық фразалар арасындағы код ауыстыру.

Ішкі код ауыстыру – шет тілдік сөзді сөйленіс ортасына қосу» [15, 135-б.].

Г. Омарбекова «Тіл және жаһандану» еңбегінде код және субкод, код ауыстыру, интерференция тақырыптарын талдай отырып, бұл терминге мынадай анықтама береді: «Код ауыстыру не кодтық алмасу – бұл ауызекі сөйлесу процесінде сөйлеушінің қарым-қатынас жағдайларына байланысты бір тілден (диалектіден, стильден) екіншісіне ауысуы». Ғалым код ауыстырудың әлеуметтік және лингвистикалық бірнеше факторға байланысты орын алатынын айтады. «Код ауыстыру» бөлімінде шетелдік ғалымдардың пікірлерін келтіре отырып, қазақ және ағылшын тілдері арасындағы код ауыстыруға мысал келтіреді [16, 21-б.].

Жалпы сөйлеушілердің сөздің қай тілдегі баламасын таңдауы олардың миында бейсаналы түрде сөйлеу барысында жүзеге асады. Сөйлеушілер белгіленген сөздердің тек В тіліндегі вариантын басқалардан естіп жүргендіктен, өздері де соны пайдалануға бейім болады. Сонымен қатар қостілді сөйлеушілердің диалогтерінде *интерференция* де орын алады. «*Интерференция* (лат. *inter* – аралық, *ferio* – соғу, тигізу) – қостілділік жағдайында тілдердің бір-біріне тигізетін әсері, ықпалы. Ол тілдердің байланыс жасауынан немесе өзге тілді жекелей меңгеру кезінде пайда болады. *Интерференция* екі тілді білетін адамның басқа тілде акцентпен сөйлеуінде кездеседі. Ол тілдің барлық деңгейінде кездесуі мүмкін, бірақ фонетикада (акцент) ерекше байқалады» [17, 98–99-бб.].

Қорытынды

Код ауыстыруға қатысты шетелдік, отандық зерттеулерді саралай келе, соңғы кездері осы мәселеге қатысты ізденістердің артқаны, көзқарастардың өзгергені байқалды. Бұған дейін бір тілден екінші тілге көшу сөйлеушінің сөз таңдау барысындағы «жалқаулығының» әсерінен немесе лингвистикалық құзыреттіліктің аздығынан болады деп есептеліп, бұл өз кезегінде тілдік тазалыққа кері әсерін тигізеді деп саналса, қазір лингвистердің басым көпшілігі код ауыстырудың күрделі әрі басқаруға болатын, жүзеге асыру үлкен тілдік шеберлікті талап ететін сөйлеу әрекеті екенін мойындап отыр.

Код ауыстыру әңгіме барысында екі немесе одан көп тілдердің бірігуі ретінде қарастырылады және бұл құбылыс жеке тұлғаның тілдік жүйесіне ғана емес, сонымен қатар оның мәдени, әлеуметтік және психологиялық аспектілеріне де әсер етеді. Қостілділік немесе көптілділік жағдайында код ауыстыру қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынастарды және осыған байланысты адамдардың тілді таңдау үдерісін бейнелейді.

Код ауыстыру бір тілден екінші тілге ауысу кезінде сөйлеушінің екі тілді де еркін меңгеруін қажет етеді. Бұл тек тілдік тәжірибе ғана емес, сонымен қатар, сөйлеушінің жағдайға, аудиторияға, әлеуметтік және психологиялық факторларға байланысты тіл таңдауының күрделі әрекетін көрсетеді. Код ауыстырудың әлеуметтік контексті тілдік қатынастар мен мәдени айырмашылықтарды байланыстыратын, қоғамның тілге деген көзқарасын анықтайтын маңызды фактор болып табылады.

Қорыта айтқанда, код ауыстыру – жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе. Оны этнолингвистикалық (этнографиялық және лингвистикалық зерттеулердің бір арнада тоғысуы), психоллингвистикалық (код ауыстыру әрекетін және оның механизмдерін саралау), нейролингвистикалық (қостілді сөйлеушінің екі тілді бір уақытта қолдану барысында мида жүзеге асатын психикалық әрекеттер; бірнеше тілді меңгерудің артықшылықтары мен кемшіліктері) т.б. бағыттарда саралап дамытуға болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Peal, E.** The Relation of Bilingualism to Intelligence // *Physiological Monographs*. – 1962. – P. 1–23.

2 **Genesee, F.** Individual Differences in Second Language Learning // *Canadian Modern Language Review*. – 1978. – P. 490–504.

3 **Valdes, G.** Bilingualism and Testing : a Special Case of Bias // *National Commission on Testing and Public Policy (U.S.)*, 1994. – 265 p.

4 **Fishman, J.** English in the Context of International Societal Bilingualism // *Spread of English* : Newbury House. – 1977. – P. 329–336.

5 **Hamers, J. F.** Bilinguality and Bilingualism. 2nd ed. – Cambridge University Press; 2000. – 468 p.

6 **Auer, P.** Code-Switching in Conversation : Language, Interaction, and Identity – London : Routledge, 1998. – 368 p.

7 **Weinreich, U.** Language in Contact – The Hague: Mouton, 1953. – 160 p.

8 **Poplack, S.** The English History of African American English – Oxford : Blackwell, 2000. – 298 p.

9 **Myers-Scotton, C.** Social Motivations for Codeswitching. Evidence from Africa – Oxford : Clarendon Press, 1993. – 177 p.

10 **Poplack, S.** Code-Switching (linguistic). // *International Encyclopedia of the Social and Behavioral Sciences*. – Amsterdam : Elsevier, 2001. – P. 2062–2065.

11 **Проценко, Е. А.** Проблема переключения кодов в зарубежной лингвистике (краткий обзор литературы за последние десятилетия) [Текст] // Вестник Воронежского государственного университета. Серия : Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2004. – № 1. – С. 123–127.

12 **Becker, K.** Spanish/English Bilingual Codeswitching : A Syncretic Model. – 1999. – P. 3–31.

13 **Eppler, E.** Code-Switching in «Emigranto». // Vienna English Working Papers. – December, 1994. – P. 75–94.

14 **Абасилов, А.** Әлеуметтік лингвистика сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Palitra-Press, 2016. – 168-б.

15 **Ибраева, Ж. Қ.** Қостілді іскерлік қарым-қатынастың лингвистикалық талдауы (Телефон арқылы әңгімелесулер мысалында) [Мәтін] : Тіл білімі / Ж. Қ. Ибраева, Г. С. Нәбиева // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – № 4(162). – Б. 133–138.

16 **Омарбекова, Г. Ә.** Тіл және жаһандану : Оқу құралы [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан : «Fastprint» баспасы, 2019. – 160-б. [Электронды ресурс]. – https://research.nu.edu.kz/files/23906889/_pdf

17 **Салқынбай, А., Абақан, Е.** Лингвистикалық түсіндірме сөздік [Мәтін]. – Алматы : Сөздік-Словарь, 1998. – 304-б.

References

1 **Peal, E.** The Relation of Bilingualism to Intelligence. Physiological Monographs. – 1962. – P. 1–23.

2 **Genesee, F.** Individual Differences in Second Language Learning. // Canadian Modern Language Review. – 1978. – P. 490–504.

3 **Valdes, G.** Bilingualism and Testing : a Special Case of Bias. // National Commission on Testing and Public Policy (U.S.), 1994. – 265 p.

4 **Fishman, J.** English in the Context of International Societal Bilingualism. // Spread of English : Newbury House. – 1977. – P. 329–336.

5 **Hamers, J. F.** Bilinguality and Bilingualism. 2nd ed. // Cambridge University Press; 2000. – 468 p.

6 **Auer, P.** Code-Switching in Conversation : Language, Interaction, and Identity. London : Routledge, 1998. – 368 p.

7 **Weinreich, U.** Language in Contact. – The Hague : Mouton, 1953. – 160 p.

8 **Poplack, S.** The English History of African American English. – Oxford : Blackwell, 2000. – 298 p.

9 **Myers-Scotton, C.** Social Motivations for Codeswitching. // Evidence from Africa. Oxford: Clarendon Press, 1993. – 177 p.

10 **Poplack, S.** Code-Switching (linguistic). // International Encyclopedia of the Social and Behavioral Sciences. – Amsterdam : Elsevier, 2001. – P. 2062–2065.

11 **Protsenko, E. A.** Problema pereklyucheniya kodov v zarubezhnoj lingvistike (kratkij obzor literatury za poslednie desyatiletiya) [The problem of code-switching in foreign linguistics (a brief review of literature over recent

decades)] [Text] // Bulletin of the Voronezh State University. Series: Linguistics and Intercultural Communication. – 2004. – № 1. – P. 123–127.

12 **Becker, K.** Spanish/English Bilingual Codeswitching : A Syncretic Model, 1999. – P. 3–31.

13 **Eppler, E.** Code-Switching in «Emigranto». // Vienna English Working Papers, December 1994. P. 75–94.

14 **Abasilov, A.** Äleumettik lingvistika sözdığı [Social Linguistics Dictionary] [Text]. – Almaty : Palitra-Press, 2016. – 168 p.

15 **İbraeva, J. Q.** Qostıldı iskerlik qarym-qatynastyñ lingvistikalyq taldauy (Telefon arqyly äñgimesesuler mysalynda) [Linguistic analysis of bilingual business communication (on the example of telephone conversations)] [Text] : Til bilimi / J. Q. İbraeva, G. S. Näbieva // Bulletin of KazNU. Philology Series. – 2016. – № 4(162). – P. 133–138.

16 **Omarbekova, G. Ä.** Tıl jäne jahandanu : Oqu qūraly [Language and Globalization : A textbook] [Text]. – Nūr-Sūltan : «Fastprint» Baspa, 2019. – 160 p. [Electronic resource]. – https://research.nu.edu.kz/files/23906889/_pdf

17 **Salqynbai, A., Abaqan, E.** Lingvistikalyq tūsındırme sözdık [Linguistic Explanatory Dictionary] [Text]. – Almaty : Sözdık-Slovar, 1998. – 304 p.

13.12.24 ж. баспаға түсті.

21.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**М. К. Ахметова¹, П. Ф. Абенова²*

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 13.12.24.

Поступило с исправлениями 21.04.25.

Принято в печать 25.08.25.

ИССЛЕДОВАНИЕ КОДОВОГО ПЕРЕКЛЮЧЕНИЯ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИНГВИСТИКЕ

В статье рассматривается проблема кодового переключения, которое считается основным объектом исследования современной социолингвистики. Проведен сравнительный анализ взглядов отечественных и зарубежных социолингвистов на эту тему, а также определений, данных этому термину.

В современной лингвистике описаны группы билингвов, основанные на различных критериях, и языковые стратегии, происходящие в мозге говорящего при чередовании языков. Рассмотрены научные подходы к объяснению этих процессов. Факторы, влияющие на кодовое переключение, разделены на лингвистические и экстралингвистические, для каждого из которых дана характеристика. Кроме того, даны определения понятий, таких как код, субкод, интерференция и билингвизм, рассматриваемых в теории кодового переключения, и предложены различные концепции в теории языка. Хотя кодовое переключение достаточно подробно исследовано с лингвистической точки зрения, выявлена необходимость дальнейших исследований в психолингвистическом аспекте. Психолингвистические аспекты, направленные на глубокое изучение этого явления, рассмотрены в связи с такими факторами, как психолого-биологическое состояние говорящего, его эмоциональное состояние и языковая среда. Анализируя научные исследования, посвященные кодовому переключению, установлено, что изучение межъязыковых отношений в казахской лингвистике на стыке внутренней и внешней лингвистики является важным и актуальным. Это, в свою очередь, будет способствовать развитию теоретических и практических аспектов кодового переключения в социолингвистике.

Ключевые слова: кодовое переключение, социальная лингвистика, двуязычие, билингвизм, билингв, интерференция.

*М. К. Akhmetova¹, P. G. Abenova²

^{1,2}L. N. Gumilev Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 13.12.24.

Received in revised form 21.04.25.

Accepted for publication 25.08.25.

RESEARCH ON CODE-SWITCHING IN DOMESTIC AND FOREIGN LINGUISTICS

The article examines the issue of code-switching, which is considered a key research object in modern sociolinguistics. A comparative analysis of the perspectives of domestic and foreign sociolinguists on this topic and their definitions of the term has been conducted. In contemporary linguistics, groups of bilingual speakers based on various criteria and the linguistic strategies occurring in speakers' minds during

language alternation are described. Scientific perspectives explaining these processes are reviewed. Factors influencing code-switching are divided into linguistic and extralinguistic categories, each of which is characterized in detail. Additionally, definitions of concepts such as code, subcode, interference, and bilingualism, as studied in the theory of code-switching, are provided, and various theoretical approaches in linguistics are proposed. While code-switching has been sufficiently studied from a linguistic perspective, it has been identified that further research is required in the psycholinguistic domain. Psycholinguistic aspects aimed at deepening the understanding of this phenomenon are examined in connection with factors such as the speaker's psychological and biological state, mood, and linguistic environment. Based on an analysis of scientific studies on code-switching, it has been determined that exploring interlinguistic relations within Kazakh linguistics at the intersection of internal and external linguistics is both significant and relevant. This, in turn, contributes to the development of the theoretical and practical dimensions of code-switching in sociolinguistics.

Keywords: code-switching, sociolinguistics, bilingualism, bilingual, interference.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz